

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНІҢ АГРОҚҰРЫЛЫМДАРЫН ДАМУ

РАЗВИТИЕ АГРОФОРМИРОВАНИЙ ЮЖНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА

DEVELOPMENT OF AGRICULTURAL ENTITIES IN THE SOUTHERN REGION OF KAZAKHSTAN

Б.Н. САБЕНОВА^{*1}

Э.Ф.К.

Г.К. ИСАЕВА²

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор

Л.Т. АЛШЕМБАЕВА³

экономика ғылымдарының магистрі

¹Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент, Қазақстан

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті,
Шымкент, Қазақстан

³Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

*Gulka07_06@mail.ru

Б.Н. САБЕНОВА¹

К.Э.Н.

Г.К. ИСАЕВА²

К.Э.Н., ассоциированный профессор

Л.Т. АЛШЕМБАЕВА³

магистр экономических наук

¹Университет Дружбы народов им. академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан

²Южно - Казахстанский государственный университет им.М. Ауэзова,
Шымкент, Казахстан

³Казахский научно-исследовательский институт экономики агропромышленного комплекса и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан

B.N. SABENOVA¹

C.E.Sc.

G.K. ISSAYEVA²

PhD, Associated Professor

L.T. ALSHEMBAEVA³

Master of Economic Sciences

¹ Academician A. Kuatbekov Peoples Friendship University, Shymkent, Kazakhstan

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Shymkent, Kazakhstan

³ Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, Almaty, Kazakhstan

Аңдатпа. Мақалада республиканың оңтүстік өңірінде салаларды қарқынды дамыту үшін өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының басым бағыттары айқындалып, агроөнеркәсіптік секторды дамыту проблемалары қаралған. Өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіруге сипаттама берілген. Осы аумақтың табиғи әлеуеті жүгері, соя, қант қызылшасы, мақта сияқты ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру мүмкіндіктеріне, жайылымдардың елеулі алаңдарына ие. Ірі қара мал, қой, құс, шошқа ба- сының саны, жайылымдық жерлердің ауданы, көкөністер мен картоптың өнімділігі, ірі қара мал етін, қой етін өндіру көлемі, облыстар бөлінісінде ет және сүт бағытындағы малдардың шоғырлануы көрсетілген. Өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне баға берілген. Ауыл



Кіріспе. Агроөнеркәсіптік секторды дамытудың маңызды проблемалары меншік нысандары қатынастарының шешілмеуімен, қазіргі заманғы шаруашылық құрылымдардың қалыптаспауымен, мемлекеттік институттар мен жер пайдаланушылар арасындағы құқықтық және әдістемелік өзара қарым-қатынастардың жеткіліксіз пысықталуымен байланысты. Мұның бәрі өңірдің осы саладағы ғылыми зерттеулерді қажет ететіндігін көрсетеді.

Экономикалық тәуелсіздік жағдайында шаруашылық жүргізуші ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы, ең алдымен, олардың менеджментінің тиімділігіне байланысты. Сондықтан агроөнеркәсіптік кешендегі бизнесті тиімді басқаруды қамтамасыз ету өте қажет. Бұл осы саладағы қызметтің тиімділігіне, табиғи-климаттық жағдайларға, өндірістің маусымдылығына, осы сала үшін өндіріс құралдарына да, оның өнімдеріне де ішкі және сыртқы баға саясаты айтарлықтай әсер ететіндігіне байланысты.

Сонымен бірге, ауыл шаруашылық құрылымдарының тиімді дамуының бірқатар мәселелері ретінде, олардың даму негізі, қаржылық тұрақтылығы өндірістік менеджменттің тиімсіздігімен байланысты. Атап айтқанда, шаруа қожалықтарының қазіргі менеджерлерінің экономиканың ең күрделі саласында жеткілікті тәжірибесі жоқ, оны шебер басқару арқылы бизнестің де, мемлекеттің де маңызды ресурстарды – жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, елдің азық-түлік қауіпсіздігі, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешу – жұмыспен қамту, демографиялық жағдайды жақсарту, ауыл тұрғындарын сақтау арқылы маңызды міндеттерін шешуге болатын еді.

Мұның бәрі осы саладағы бизнесті ғылыми негізде ұйымдастыруды, шоғырлануды, мамандандыруды және ынтымақтастықтың артықшылық-тарын пайдалануды талап етеді. Агроөнеркәсіптік кешендегі бизнестің табыстылығының маңызды факторы ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу, ілеспе өндірістер мен шаруашылықтарды ұйымдастыру негізінде өндірісті әртараптандыру болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жүргізілген зерттеудің теориялық негізі бәсекелестік талдау, бәсекеге қабілеттілік, дағдарысқа қарсы әдістемелер, стратегиялық менеджмент теориясы саласындағы ілгері мамандардың, отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттемелердің нәтижелері мен еңбектері, АӨК саласындағы кәсіпорындардың стратегияларын қалыптастыру

және бәсекеге қабілеттілікті көтеру мәселелері бойынша отандық зерттеушілердің жұмыстарының материалдары болып табылады.

Зерттеудің әдістемесі әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістемесінің негізгі ережелеріне, сонымен қатар стратегиялық басқару және бәсекелестік талдаудың ғылыми теорияларына негізделген.

Зерттеу жүргізу барысында зерттеу құралы ретінде келесідей жалпы ғылыми әдістер болды: талдау және синтез, бөлшектеу және жалпылау, салыстыру, қалыптастыру, логикалық және эксперттік бағалау әдістері.

Ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері, оңтүстік өңірдегі облыстардың ресми сайттарының материалдары, ауыл шаруашылық құрылымдардың статистикалық деректері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауыл шаруашылық кәсіпорны нақты экономикалық кеңістікте белгілі бір қызметтерді орындау үшін құрастырылған, шаруашылық қызметтің субъектісі болып табылады. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының алдына тек қана олардың өміршеңдігін қамтамасыз ету талаптарын қойып қана қоймайды, сонымен бірге стратегиялық потенциалды жүзеге асыруды үздіксіз дамытуды талап етеді [1,2].

Қазіргі кезде өз бәсекелестеріне қарап бағыт алмайтын кәсіпорын табу өте қиын. Бәсекелестік қатынастар нарықтық экономика параметрлерін қояды, кәсіпкерлік қатынастар жүйесінде функционалдық тәуелділікті анықтайды, АӨК саласында кеңейтілген өсімді молайтуды қамтамасыз етеді [3,4].

Ауыл шаруашылық құрылымдарын басқаруда, экономикалық талдауда және алдын ала анықтауда нақты экономикалық нысандарына және шаруашылық қызмет субъектілеріне қарамай атқарылған жұмыстарды басқару тәжірибесінде қолдану, ағымдағы немесе қаржы-экономикалық, шаруашылық, ұйымдастыру жағдайына сараптамалық баға беру, құрылымдардың ықтимал болашағын болжау маңызды мәселелердің бірі деп есептейміз. Алдын ала анықтау аграрлық кәсіпорынның және оның ішкі құрылымдарының белгілі бір экономикалық құбылысты басқарудың санаты болып табылатындығына көз жеткіздік. Басқаруда алдын ала анықтаудың мақсаты

экономикалық жағдайлардың сипатын уақытылы тану, сондай-ақ оның жағымсыз әсерлерін оқшаулау болып табылады.

Ғылыми білім мен зерттеулерді басшылыққа алып, тәжірибеде қолдануға, қазіргі немесе бұрынғы қаржы-экономикалық, басқару, ұйымдастырушылық негіздерінде сараптамалық бағалау, болжау ауыл шаруашылық құрылымдардың болашағына, дағдарысқа қарсы тұру, бәсекелестік қабілеттілігін арттыру мүмкіншілігін ұлғайтады. Басқаша айтқанда, бұл менеджер, аудитор немесе басқарушы үшін жеке фермадан немесе аграрлық кәсіпорынан құрылымды түрде ажыратылмайтын ағым-дағы және алдын ала зерттеулердің толық ауқымын енгізуді білдіреді [5,6].

Ауыл шаруашылық құрылымдарының тәжірибесінде бәсекелестік қабілеттілікті арттыруға байланысты арнайы бағдарламалар жасаудың маңызы зор. Осындай әдістемені енгізуде Түркістан облысының Кентау қаласы «Тұран» шаруа қожалығының экономикалық көрсеткіштерінің төмендеуіне байланысты арнайы бағдарлама жасалынды. Аталған шаруашылықта мақтаның түсімі әрбір гектарынан 6,8 центнерге төмендеуі, өнім өндіруге кеткен шығынның 21,2%-ға артуы, 1 гектардан алынған табыс көлемінің 22,8%-ға азаюы, өндірістің рентабельдік деңгейінің 66,2 пайызға төмендеуіне алып келген [7].

Сондықтан «Тұран» шаруа қожалығын жақын келешектегі іс-шаралар бойынша техниканы пайдалануды жетілдіру, озат технологияны өндіріске енгізу, шаруашылықтағы жұмыстардың тиімділігін арттыратын және олардың алға қойған жоспарларын орындауды қамтамасыз ететін кейбір экономикалық іс-шараларды жетілдіру мен құрылымдық өзгерістер енгізу ұсынылды. Бұл екі бағытты – ғылыми-техникалық жаңашылдықты, табиғи түрде ұштастыра білгенде ғана ауыл шаруашылық құрылымдарының бәсекеге қабілеті мол және тиімді өнім өндіруіне мүмкіндігінің туатынын агроқұрылымның іс-қимылдары айқындау болып табылады.

Шаруа қожалықтарындағы экономикалық көрсеткіштердің жылдан-жылға жақсаруы, ондағы еңбек ұйымдастырудың жаңа тәсілін қолданудың және өндіріске прогрессивті технологияны енгізудің арқасында жеткізілгенінен деуге болады. 2019 жылы өндірілген өнімнің 90 пайызын немесе 75 тоннасын шаруашылық бірінші, екінші өндірістік сортпен зауытқа өткізіп, өнімнің бәсекелік қабілетін көтеруге мүмкіндік алғанын атап өтуге болады [8]. Жаңа өнімді

мақта сорттарын игеру арқылы және өндіріліп жатқан өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жөнінде 2027 жылға дейінгі инновациялық жоба жасау ұсынылады.

Ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогрестің алға басуы, техникалық дамудың және өндірістің тиімділігін арттыру жоспарына байланысты болуы керек. Бұл жоспардың маңызды ерекшеліктерінің бірі бола отырып, сол ғылыми-техникалық прогрестің кейінгі жылдардағы нәтижелері болып табылады және ол өндірістердің тиімділігін арттырумен тікелей байланысты.

Іс-шаралардың негізгі бағыты техникалық даму мен өндірістің тиімділігін арттыру жоспарларының маңызды құрамды бөліктерін былай сипаттауға болады: өнімнің сапасын жақсарту, яғни бәсекеге қабілеттілігін көтеру және жетілдіру, жаңа технологияны пайдалану, өндірісті индустрияландыру, интеграция жоспары, басқару жүйесін жетілдіру, ұйымдастыру, сондай-ақ жұмысшы-қызметкерлердің еңбегін ғылыми жолға бейімдеу, зерттеу және тәжірибелік ынталандыру жоспарлары болып бірнеше бағыттарға бөлінеді. Мұның барлығы, өндірістерде жаңа өнімдерді игеру және өндірілетін өнімдердің бәсекеге тартым-дылығын жақсарту жөнінде бірнеше жыл-дық шараларды белгілеу, нарықтық қатынас жағдайларында шешуші мәселелердің біріне айналуда.

Қазақстанның оңтүстік өңірі ауыл шаруашылығы өндірісі салаларын дамыту үшін бірегей және алуан түрлі табиғи әлеует бар өңірге жатады. Суармалы егістіктің жоғары үлесі бірқатар ерекше ауыл шаруашылығы дақылдарын – жүгері, соя, қант қызылшасы, мақта және т.б. өсіру мүмкіндігін болжайды. Бұл ретте осы өңірде мал шаруашылығы салаларын дамытуды көздейтін жайылымдардың едәуір алаңдары бар.

Жүргізілген зерттеулер бидай, арпа, жүгері, күріш, соя, көкөніс және бақша дақылдары сияқты ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жағдай қолайлы екенін көрсетті.

Оңтүстік өңірде өсімдік шаруашылығының тиімді салалары дамуда ба-сымдыққа ие болды. Өндіріс өсімінің жоғары қарқыны астық саласына тән, атап айтқанда: бидай, арпа және күріш (1 кесте). Бұл ретте өнімділіктің өсуі есебінен азық-түліктік және жемдік астық өндірісін ұлғайтудың тән ерекшелігі байқалады. Жүгері мен соя дәнінің өндірісін ұлғайтудың оң үрдісі байқалады. Сонымен қатар, көкөніс

Экономический механизм хозяйствования

пен картоп өндірісінің өсуі де жақсы жолға қойылған.

Талданып отырған кезеңде көкөністердің өнімділігі 1,9%-ға төмендегенін атап өткен жөн, бұл тұқым шаруашылығының әлсіз дамуына, тыңайтқыштардың жеткіліксіз енгізілуіне және ауыспалы егістердің сақталмауына байланысты. Бұл жиынтығында оңтүстік өңірдің бәсекелестік артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Өңірде 5,5 млн шартты мал мен құс басы шоғырланған (республиканың барлық мал басының 44%). Алайда бұл мал басының негізгі шоғырлануы халық шаруашылықтарында (61%) байқалады. Шаруа (фермер) қожалықтарында ауыл шаруашылығы малдарының санын арттыруды (өңірлік мал басының 29%-ы) атап өткен жөн. Оңтүстік өңірде өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің көпшілігі жет-кілікті тиімді.

1 кесте – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі өсімдік шаруашылығы өнімдерінің тиімді түрлерінің даму сипаттамасы

| Өнімнің тиімді түрлері | Дамудың сипаттамасы | | | | | |
|------------------------|---------------------|------------------------------------|-----------------|------------------------------------|--------------------|------------------------------|
| | алқап, мың га | | өнімділік, ц/га | | жалпы түсім, мың т | |
| | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % |
| Оңтүстік өңір | | | | | | |
| Бидай | 438,4 | 110,8 | 18,7 | 105,6 | 820,3 | 116,8 |
| Арпа | 396,8 | 98,0 | 21,3 | 121,0 | 844,0 | 118,5 |
| Жүгері | 132,1 | 97,4 | 58,7 | 109,1 | 775,3 | 106,3 |
| Күріш | 104,5 | 105,8 | 46,8 | 109,3 | 489,5 | 115,9 |
| Соя | 107,9 | 108,6 | 22,0 | 101,8 | 238,0 | 110,7 |
| Картоп | 66,6 | 100,2 | 186,1 | 102,3 | 1239,6 | 102,5 |
| Көкөністер | 102,6 | 103,3 | 249,4 | 98,1 | 2558,5 | 101,4 |
| Бақша дақылдары | 80,4 | 95,8 | 223,8 | 100,6 | 1799,0 | 96,4 |

Ескерту: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша авторлар есептеген [9,10].

Оңтүстік өңірде қой еті тиімділігінің жеткіліксіз деңгейі табынның құрылымымен байланысты, онда 40%-дан астамын биязы жүнді мал басы құрайды, ал басқа өңірлерде қылшық жүнді (Орталық өңірде 60%-дан 86%-ға дейін). Қойдың осы бағыттағы өнімділігінің айырмашылығы оңтүстікте қой етін өндірудің тиімділігін төмендетеді. Бұл жағдайда қой жүнінің тиімділігі өте жоғары.

Шошқа шаруашылығы тек Алматы облысында тиімді, онда оңтүстік аймақтағы барлық шошқа басының 63% шоғырланған. Шошқа етінің негізгі өндірушілері шаруа қожалықтары (облыс шошқа басының 44,5%) және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (37%) болып табылады. Жамбыл облысында қуаттылығы жылына 2 мың тонна шошқа етін өндіретін жаңа шошқа өсіру кешені жұмыс істей бастады, нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында шошқа өнімділігі 130 кг-ға дейін көтерілді, бұл жалпы облыс бойынша шошқа етін өндіру тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Өңірде құс етінің 50,5% өндірісі шоғырланған, оның басы 73,7%-ға құс фабрикаларында орналастырылған. Ең көп мал басы Алматы және Түркістан облыстарын-

да ұсталады (тиісінше 69,4 және 20,1%). Бірінші кезекте бұл негізінен тауықтар болса, екінші облыста Күрке тауық етін өндіретін фабрика жұмыс істейді, бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында (5,6 кг) құстың жоғары өнімділігін қалыптастырады. Сондықтан, жоғары шығындарға қарамастан, бұл жоғары тиімділікпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік өңірде сүтті мал жұртшылық шаруашылықтарында шоғырланған (75,7%). Ең көп сүтті мал басы Түркістан облысында орналасқан (45%), бірақ дәл осы жерде ол жұртшылық шаруашылықтарында 89%-ға орналасқан. Шаруашылықтардың осы санатында сүт сиырларының өнімділігі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қарағанда 2 есе және одан да көп төмен екенін ескере отырып, бұл жағдай өңірдегі сүт өндірісінің тиімділігін төмендетеді.

Өңірде мал шаруашылығының тиімді салаларының дамуы жеткілікті тұрақтылықпен сипатталады, бұл мал басының өсуі есебінен қамтамасыз етіледі, ал 2015-2017 жылдары малдардың жеке түрлері бойынша өнімділік төмендейді. Тек қана шошқа саны ғана емес, ол аймақта 29,6%-ға азайды, бұл халықтың басқа ет түрлеріне деген

Экономический механизм хозяйствования



сұранысын қайта бағдарлаудың қорытындысы болып табылады (2 кесте).

Алматы облысында бидай өсіру үшін, әсіресе күздік, сондай-ақ арпа, дәндік жүгері, соя және көптеген көкөністерді өсіру үшін жақсы жағдайлар қалыптасқан. Алматы облысында ет өнімдерінің барлық түр-

лері бойынша ет өндірісі тиімді. Мұнда етті ірі қара малдың 76,7% шоғырланған, бордақылау 8 бордақылау алаңдарында жүзеге асырылады. Бұл шығындардың оңтайлы деңгейін сақтай отырып (республика бойынша орташадан 3,5%-ға төмен) салмағы жоғары малды тапсыруға мүмкіндік береді.

2 кесте – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі мал шаруашылығы өнімдерінің тиімді түрлерінің даму сипаттамасы

| Өнімнің тиімді түрлері | Дамудың сипаттамасы | | | | | |
|------------------------|---------------------|------------------------------|--------------------|------------------------------|--------------------------|------------------------------|
| | мал саны, мың бас | | өнімділік, кг /бас | | жалпы өндіріс, мың тонна | |
| | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % | 2019 ж. | 2019 ж. 2017 ж. қарағанда, % |
| Оңтүстік өңір | | | | | | |
| ІҚМ еті | 2 630,7 | 112,7 | 347 | 101,5 | 180,4 | 116,2 |
| Қой еті | 10 722,6 | 106,5 | 38 | 100 | 88,2 | 105,1 |
| Жылқы еті | 842 | 120,4 | 350 | 100,6 | 39,7 | 115,1 |
| Шошқа еті | 114,8 | 70,4 | 110 | 100 | 14,9 | 81,9 |
| Құс еті | 13 343,2 | 110,7 | 2,4 | 100 | 90,7 | 113 |
| Сүт | 1 246,6 | 115,5 | 2 433 | 101,2 | 1 839,2 | 104,3 |
| Құс еті | 2 783,2 | 112,7 | 4,9 | 83 | 10,3 | 101 |
| Сүт | 446,8 | 118,1 | 2 316 | 102,1 | 726,7 | 103,4 |

Ескерту: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша авторлар есептеген [қараңыз 9,10].

Бірақ бордақылау алаңдары әлі жобалық қуаттылыққа шыққан жоқ және олардың мал басының жүктелу деңгейі бар болғаны 35%-ды құрайды. Облыста ірі қара және фермерлік шаруашылықтарда мал басының 47%-ы дами бастады. Алайда, шаруашылықтардың осы санатында бордақылау деңгейі төмен және тапсыру салмағы 348 кг құрайды.

Жамбыл облысында күздік бидайдың, бақша дақылдарының және бірқатар көкөністердің, атап айтқанда: қызанақ, қияр, сәбіздің өсуі үшін жақсы жағдайлар қалыптасты. Сонымен қатар, дәндік жүгері мен арпа өндіру үшін жақсы жағдайлар бар.

Қызылорда облысы күріш-шалы өсіруде жоғары бәсекелестік артықшылықтарға ие (мұнда республиканың егістік алқаптарының 87% шоғырланған). Сонымен қатар, осы салада көкөністердің белгілі бір түрлерін (қызанақ, қияр) тиімді өндіру.

Түркістан облысында күріш-шалы өсіру үшін жақсы жағдайлар, сондай-ақ бидай, әсіресе күздік, көкөніс өсіру үшін жақсы жағдайлар қалыптасқан. Бұл өңірде ірі қара мал еті өндірісінің жоғары тиімділігі байқалады, онда оған ет басының жоғары концентрациясы (77,3%) және оның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы өнімділігі

(423 кг тапсыру салмағы) есебінен қол жеткізіледі. Айта кету керек, Түркістан және Қызылорда облыстарында ет бағытындағы ІҚМ жұртшылық шаруашылықтарында өсірілмейді.

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі өсімдік шаруашылығы өнімінің неғұрлым тиімді түрлерін дамыту әлеуеті өңірдің бәсекелестік артықшылықтарын неғұрлым толық пайдалануға, сондай-ақ суармалы жерлердің ауданын кеңейтуді ескере отырып, басым салаларды дамытудың қарқынды факторларын іске қосу мүмкіндігіне негізделген. Нәтижесінде жоғары белокты азықтың, әсіресе бройлерлік құс шаруашылығы мен сүтті мал шаруашылығының тапшылығын төмендетуге мүмкіндік беретін суармалы жерлер өсімінің едәуір бөлігін пайдалану есебінен жүгері-соя белдеуін одан әрі қарқынды дамыту болжанып отыр.

Жаздық бидайды қайта бағдарлау және неғұрлым жоғары өнімді күздік бидайды өсіруге өңірдің мамандануын тереңдету егіс алқаптары қысқарған жағдайда да бидай астығын өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Күріш шаруашылығы аймағы дамудың басымдығын сақтайды, бірақ қарқынды негізде, бұл ретте егіс алқабы тұрақтандырылады (3 кесте).

Экономический механизм хозяйствования

те жүгері белдеуі мал бордақылаудың басты аудандарының бірі болып табылады. Оңтүстік өңірде саланың қарқынды дамуы бірқатар факторлар есебінен қамтамасыз етілетін болады, атап айтқанда: ашық ауа-

да бордақылау шаруашылығын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жылы климат; төлді өсіретін аудандарды қалыптастыру; жемдік астық егістерін кеңейтуді қамтамасыз ететін ирригацияны дамыту.

4 кесте – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі мал шаруашылығы өнімдерінің тиімді түрлерін дамытудың әлеуеті мен нысаналы бағдарлары

| Өнімнің түрлері | Әлеует | | |
|-------------------------|-------------------|--------------------|--------------------|
| | мал саны, мың бас | өнімділік, кг /бас | өндіріс, мың тонна |
| Оңтүстік өңір | | | |
| ІҚМ еті | 2711 | 400 | 212,3 |
| Қой еті | 12334 | 41 | 103,0 |
| Жылқы еті | 982 | 423 | 48 |
| Шошқа еті | 115 | 115 | 15,5 |
| Құс еті | 15176 | 3,4 | 111,2 |
| Сүт | 1278 | 2900 | 2087 |
| Алматы облысы | | | |
| ІҚМ еті | 1112 | 420 | 95 |
| Қой еті | 4300 | 40 | 37,8 |
| Жылқы еті | 75 | 115 | 10,6 |
| Шошқа еті | 338 | 425 | 19,9 |
| Құс еті | 10917 | 2,6 | 95,3 |
| Сүт | 540 | 3000 | 861 |
| Жамбыл облысы | | | |
| Қой еті | 2924 | 40 | 20,5 |
| Құс еті | 1198 | 2,5 | 4,3 |
| Сүт | 198 | 3000 | 330 |
| Қызылорда облысы | | | |
| ІҚМ еті | 331,3 | 340 | 11,5 |
| Қой еті | 629 | 40 | 4,4 |
| Түркістан облысы | | | |
| ІҚМ еті | 1167,8 | 420 | 68,8 |
| Қой еті | 4481 | 42 | 40,3 |
| Жылқы еті | 347 | 421 | 14,2 |
| Құс еті | 3061 | 5,1 | 11,6 |
| Сүт | 540 | 2700 | 810 |

Ескерту: Авторлар сараптамалық бағалау негізінде есептеген

Өңірде биязы жүнді қой шаруашылығы одан әрі дамитын болады, бірақ ет мериностарының жаңа тұқымдарын пайдалана отырып, қозы еті мен биязы жүн алуды қарастыратын қарқынды технологиялар негізінде. Бұдан басқа, ішкі нарықты жас қой етімен толықтыру үшін ет қой шаруашылығын дамытуға басымдық берілетін болады. Жергілікті мамандандыру саласы ретінде сүтті мал шаруашылығын дамыту халықты тұтас сүт өнімдерімен толық қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Нәтижесінде өңір бойынша еңбек өнімділігі 17%-ға өседі (ауыл шаруашылығы өндірісінде жұмыс істейтін бір адамға 1134,9 мың теңгеге дейін).

Тұжырымдар.

1. Жалпы республика және оның өңірлері бойынша өсімдік шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өндірісі жердің құнарлылығын арттырумен, ғылыми негізделген ауыспалы егісті енгізумен және сақтаумен,

ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және өнім сапасын арттырумен ұштасатын болады.

2. Мал шаруашылығы салаларының тұрақты дамуын мықты жемшөп базасын құру, жайылымдарды тиімді пайдалану, табынды жақсарту, мал өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етуге болады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімді түрлерін дамытудың әлеуеті мен мақсатты бағдарын анықтауға мүмкіндік берді.

3. Жалпы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа (фермер) қожалықтарындағы жалпы өнім ауыл шаруашылығы өнімдерінің тиімді түрлерін дамыту есебінен (ағымдағы бағамен) 24%-ға өседі және 2639 млрд.теңгені құрайды (2019 жылы шаруашылықтардың бұл санаттары 2128 млрд. теңгеге жалпы өнім өндіріді).

4. Нәтижесінде, есептеулер көрсеткендей, қарастырылатын өнім түрлері есе-

бінен еңбек өнімділігінің физикалық деңгейінің өсуі өңірлер бойынша 11-ден 32%-ға дейін ұлғаяды. Тұтастай алғанда республика бойынша жұмыспен қамтылғандар саны сақталған кезде еңбек өнімділігі 2 млн теңгеге жетеді (қазіргі уақыттағы 1613 мың теңгенің орнына).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баранова, Н.А. Конкурентные отношения в аграрной сфере // Н.А. Баранова // Проблемы агрорынка.-2019.-№4.-.47-54.
- 2 Баранова, Н.А. Стратегический анализ в управлении предприятием сферы АПК / Н.А. Баранова, А.А.Абдикадирова // Проблемы агрорынка. - 2018. - №1.- С.46-52
- 3 Кружкова, Т.И. Показатели конкурентоспособности АПК / Т.И. Кружкова, О.А. Рушицкая // Аграрное образование и наука. - 2017. -№1. - С.58.
- 4 Гаджимурадова, Л.А. Повышение конкурентоспособности продукции в АПК / Л.А. Гаджимурадова // Новая наука: проблемы и перспективы. -2017. №1-2. С. 266-267.
- 5 Тлесова, А.Б. Қазақстанның аграрлық саласы: инновациялық даму / А.Б.Тлесова, С.Ч.Примбетова, Ш.М.Кантарбаева // Проблемы агрорынка.-2018.-№2.-Б.34-43
- 6 Шамилова, А.В. Конкурентоспособность предприятий АПК / А.В. Шамилова // Актуальные направления научных исследований XXI века: теория и практика. -2018.-Т.4.-№2 (22). С. 81-84.
- 7 Официальный интернет-ресурс акимата Туркестанской области. [Электронный ресурс].- 2019.- URL: <http://www.turkistan.gov.kz/ru/news/obyem-produktsii-selskogo-khozyaystva-turkestanskoy-oblasti-prevysil-600-mlrd-tenge> (дата обращения: 22.02.2020).
- 8 Управление сельского хозяйства Туркестанской области [Электронный ресурс].-2019.-URL: http://www.lenta.inform.kz/ru/na-3-8-uvelichilsya-ob-em-sel-skohozyaystvennoy-produkcii-v-turkestanskoy-oblasti_a3442098 (дата обращения: 22.01.2020).
- 9 Статистический сборник «Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан». Комитет по статистике МЭН РК [Электронный ресурс].- 2019.-URL:<http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 16.04.2020).

10 Официальный интернет-ресурс Минсельхоза РК [Электронный ресурс].-2019.- URL: <http://www.minagri.gov.kz> (дата обращения: 10.05.2020).

References

- 1 Baranova, N.A. Competitive relations in agricultural sphere] / N.A. Baranova // Problems of AgriMarket. -2019.-№4 .-. 47-54.
- 2 Baranova, N.A. Strategic analysis in enterprise management in the AIC. Baranova, A.A. Abdikadirova // Problems of AgriMarket. - 2018. - No. 1.- P.46-52
- 3 Kruzhkova, T.I. AIC competitiveness indicators/ T.I. Kruzhkova, O.A. Ruschitskaya// Agricultural education and science.-2017.-№1.-P.58.
- 4 Gadzhimuradova, L.A. Increasing product competitiveness in the AIC/ L.A. Gadzhimuradova // New Science: Problems and Prospects. - 2017. No. 1-2. P. 266-267.
- 5 Tlesova, A.B. Agricultural sector of Kazakhstan: innovative development / A.B. Tlesova, S.Ch. Primbetova, Sh.M. Kantarbayeva // Problems of AgriMarket.-2018.-№2.-P.34-43
- 6 Shamilova, A.V. Competitiveness of AIC enterprises / A.V. Shamilova // Relevant areas of research of the XXI century: theory and practice. -2018.-V.4. -№2 (22). P. 81-84.
- 7 Official Internet resource of the Akimat of Turkestan region. [Electronic resource] .- 2019.- URL: <http://www.turkistan.gov.kz/ru/news/obyem-produktsii-selskogo-khozyaystva-turkestanskoy-oblasti-prevysil-600-mlrd-tenge> (date of access: 22.02.2020).
- 8 Department of Agriculture of Turkestan region [Electronic resource] .- 2019.-URL: http://www.lenta.inform.kz/ru/na-3-8-uvelichilsya-ob-em-sel-skohozyaystvennoy-produkcii-v-turkestanskoy-oblasti_a3442098 (date of access: 22.01.2020).
- 9 Statistical collection "Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan". Committee on Statistics of the MNE RK [Electronic resource]. - 2019. - URL: <http://www.stat.gov.kz> (date of access: 16.04.2020).
- 10 Official Internet resource of the Ministry of Agriculture RK [Electronic resource] .- 2019.- URL: <http://www.minagri.gov.kz> (date of access: 10.05.2020).

Информация об авторах:

Сабенова Балтайм Намазбайқызы, кандидат экономических наук, старший преподаватель, Университет Дружбы народов им. академика А. Қуатбекова, Шымкент, Казахстан, Gulka07_06@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1501-2429>

Исаева Гульмира Куздеуалиевна, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры «Финансы», Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан, gulmira_issaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9459-357X>

Алшембаева Лаззат Турсынбаевна, магистр экономических наук, заведующая сектором «Нормирование производственных процессов», Казахский научно-исследовательский институт экономики агропромышленного комплекса и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан, alsheml@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8295-3969>